

Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ережені, сондай-ақ олар жүргізетін зерттеулердің көлемі мен түрлері туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 3 қарашадағы N 645 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 26 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5912 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 6 маусымдағы № 394 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.06.06 № 394 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 55-бабының 2-тармағына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ереже;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес зертханалық зерттеулердің көлемдері мен түрлері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Стратегия және денсаулық сақтау саласын дамыту департаменті (А.Т. Айдарханов) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Т.А. Вощенкоға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

Б. Садықов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Д е н с а у л ы қ

с а қ т а у

м и н и с т р і н і н

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы н ы ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

3

қ а р а ш а д а ғ ы

№

6 4 5

б ұ й р ы ғ ы н а

1-қосымша

Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес зертханалық қызметтің жұмысын жетілдіру мақсатында әзірленді және Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі - зертханалық диагностика ұйымдары) статусы мен өкілеттігін айқындайды.

2. Зертханалық диагностика ұйымдары өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы ережеге және өздерінің құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің құрылымы мен функциялары

3. Зертханалық диагностика ұйымдары зерттеудің бір немесе бірнеше түрін жүргізуге мамандандырылады және:

1) денсаулық сақтау ұйымдарының бейінді бағыттағы зертханалық зерттеулерін қамтамасыз ететін заңды тұлға ретінде;

2) ауруханалардың, емханалардың, диспансерлердің және денсаулық сақтау саласындағы басқа да ұйымдардың құрамындағы бөлімше ретінде құрылады.

4. Зертханалық диагностика ұйымдарының негізгі функциялары:

- 1) денсаулық сақтау ұйымдары немесе олардың бөлімшелері үшін зертханалық зерттеулер жүргізу;
- 2) талдау және диагностикалаудың аса көп құндылығына ие жоғары жаңа зерттеу әдістерін меңгеру;
- 3) сапаны жүйелі түрде бақылау жолымен зертханалық зерттеулердің сапасын арттыру;
- 4) зертханалық жабдықтарды, химиялық реактивтерді және биологиялық препараттарды тиімді пайдалану;
- 5) тиісті лицензиясы мен жабдықталған базасы болған жағдайда клиникалық-зертханашы дәрігер мен денсаулық сақтау ұйымдарының зертханашылары үшін біліктілігін арттыруға арналған сабақтар ұйымдастыру және өткізу.

5. Зертханалық диагностика ұйымдарының өкілеттіктері:

- 1) науқастың жағдайын бағалау мақсатында дәрігерге диагнозды нақтылауға, сәйкес емді таңдауға және оның нәтижелерін бақылауға көмек көрсету;
- 2) емдеу бөлімшелерінің дәрігерлеріне барынша диагностикалық-ақпараттық зертханалық тестерді және науқастарды зертханалық тексерудің деректерін талдауға консультациялық көмек көрсету болып табылады.

6. Биологиялық материалды алу, оны зерттеу және қорытынды беру тәртібін, жұмыс кестесін денсаулық сақтау ұйымының басшысы анықтайды.

7. Зертханалық диагностика ұйымдарын:

- 1) заңды тұлға ретінде зертханалық диагностика жүргізетін денсаулық сақтау ұйымының директоры;
- 2) зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының құрылымдық бөлімшесінің бастығы басқарады.

8. Зертханалық диагностика ұйымдары орындалған диагностикалық зерттеулердің сапасын тиісті бақылаумен қамтамасыз етеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
 м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
 2 0 0 9 ж ы л ғ ы 3 қ а р а ш а д а ғ ы
 N 6 4 5 б ұ й р ы ғ ы н а
 2-қосымша

Зертханалық зерттеулердің көлемдері мен түрлері

1. Зертханалық зерттеулердің көлемдері денсаулық сақтау ұйымының медициналық қызметті жүзеге асыру құқығын беретін лицензиясына сәйкес зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардың және (немесе)

денсаулық сақтау ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерін аккредиттеу кезінде өтініш білдірілген зерттеулер номенклатурасына сәйкес анықталады.

2. Зертханалық зерттеулердің негізгі түрлері:

1) жалпы клиникалық зерттеу - биологиялық сұйықтықтарды (зәрді, нәжісті, қақырықты, дуоденальдық, асқазандық, ми-жұлын сарысуы, трассудаттар мен экссудаттар, эякулята, әйелдердің жыныстық мүшелерінен бөлінетін шығындылар) химиялық-микроскопиялық зерттеу;

2) гематологиялық зерттеу - гемоглабин және оның қосылыстарына, қан жасушалары мен сүйек кемігінің морфологиялық, физиологиялық және цитохимиялық сипаттарына талдау жүргізуге бағытталған зерттеу;

3) цитологиялық зерттеу - түрлі әдістермен алынған биологиялық материалды морфологиялық зерттеу, оның мынадай түрлері бар: пункциялық цитология, эксфолиативтік, эндоскопиялық;

4) иммуноцитохимиялық зерттеулер (моноклоналдық антиденемен, түіктік ц и т о ф л ю о р и м е т р и я) ;

5) биохимиялық зерттеулер - қан биологиялық материалды химиялық, физикалық-химиялық құрамдық деңгейде зерттеу;

6) коагуляциялық зерттеу - қан тамырлық-тромбоциттік және коагуляциялық гемостазды, антикоагулянттық және фибринолитиялық жүйені зерттеу;

7) иммунологиялық және изосерологиялық зерттеу - иммундық жүйенің жағдайын сипаттайтын зертханалық зерттеу;

8) терапиялық дәрілік мониторингті өткізу үшін химиялық-токсикологиялық зерттеулер мен дәрілік заттарды зерттеу;

9) микробиологиялық зерттеулер - биологиялық материалдан табылған микроорганизмдерді зерттеу (бактериология, малекулалық биология, вирусология, микология, паразитология, иммуносерология);

10) цитогенетикалық зерттеу - талданылатын жасушадағы хромосомалар саны мен құрылымын зерттеу (кариологиялық зерттеу, молекулалық-цитогенетикалық әдістер);

11) молекулалық-генетикалық зерттеулер - геном құрылымындағы өзгерістерді полимераздық тізбекті реакцияны (ПТР) қолдана отырып, дезоксирибонклейн қышқылы және рибонуклеин қышқылы деңгейінде анықтау әдістерінің жиынтығы.